

Он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қызылорда қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 06 сәуірдегі N 1249 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қызылорда қалалық Әділет басқармасында 2009 жылы 06 сәуірде N 10-1-111 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 23 қарашадағы N 4929 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда қалалық әкімдігінің 2012.11.23 N 4929 Қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі N 779 Жарлығына сәйкес, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда қаласындағы он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылсын.

2. Мерзімді әскери қызметке шақыру жұмысын жүргізу үшін қалалық шақыру комиссиясы (әрі қарай-комиссия) құрылсын және оның құрамы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстарының жүргізілу кестесі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

4. "Қалалық ішкі істер басқармасы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) мерзімді әскери қызметке шақыру кезінде әскери қызметтен өтуде бас тартып, қашып жүрген азаматтардың іздеу салу тобына және шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіп сақтауды қамтамасыз ету үшін қалалық ішкі істер басқармасынан полиция қызметкерлерін бөлу ұсынылсын.

5. "Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне Қызылорда қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармасының шақыру учаскесіне көктемгі және күзгі мерзімді әскери қызметке шақыру мерзіміне есепте тұрған жұмыссыз азаматтардың ішінен өз еркімен

қоғамдық жұмысқа араласатын 50 (елу) адамнан бөлу мәселесін қарастыру
та п с ы р ы л с ы н .

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары А.
Мұхимовқа жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа
енгізіледі.

ҚАЛА ӘКІМІ

М. ЕРГЕШБАЕВ

"КЕЛІСІЛДІ"

Шамшырақов Сейтек Мирасбекұлы _____

Қызылорда қаласының қорғаныс "___" _____ 2009 жыл
істері жөніндегі басқарма бастығы

Мұятов Бахыт Жолшыұлы _____

Қызылорда қалалық ішкі істер "___" _____ 2009 жыл
басқармасының бастығы

Тұрсынбаев Серік Сыздықұлы _____

Қалалық N 1 емхана дәрігері "___" _____ 2009 жыл

Алиақбарова Мафура Алакбарқызы _____

Қалалық N 1 емхана медбикесі "___" _____ 2009 жыл

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2009 жылғы 06 сәуірдегі N 1249
қаулысымен бекітілген
1-қосымша

Қызылорда қаласында 1982-1991 жылдары туылған азаматтарды 2009- ыншы жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақыру комиссиясының ҚҰРАМЫ

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қызылорда облысы Қызылорда
қаласы әкімдігінің 2009.10.02 N 1943 Қаулысымен.

Шамшырақов Сейтек Мирасбекұлы - Қызылорда қаласының қорғаныс істері
жөніндегі басқарма бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша)

Мұхимов Абзал Сансызбаевич - қала әкімінің орынбасары, комиссия
төрағасының орынбасары

Комиссия мүшелері

Мұятов Бахыт Жолшыұлы - Қызылорда қалалық ішкі істер басқармасының бастығы (келісім бойынша);

Тұрсынбаев Серік Сыздықұлы - қалалық N 1 емхана дәрігері (келісім бойынша);

Алиакбарова Мафура Алакбарқызы - қалалық N 1 емхана медбикесі (келісім бойынша), комиссия хатшысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК